

## Жария сервитутты белгілеу туралы

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімдігінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № 57/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 желтоқсанда № 6123 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Ақтоғай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Altai Ltd" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатты пайдалы қазбаларды барлау үшін, жалпы көлемі - 692,48 гектар жер учаскесін жер пайдаланушылардан алып қоймай 6 жылға жария сервитут белгіленсін.

2. "Altai Ltd" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақтоғай ауданының әкімі*

*С. Әбеуова*